

Әскери қызметшілер, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың отбасы мүшелері арасындағы зейнеткерлерге төленетін зейнетақы мөлшерін қайта қарау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1992 жылғы 1 сәуір N 713. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Қазақстан Республикасының Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің, Күзет қызметінің, "А" Бөлімінің, Республикалық ұланның, ішкі әскерлердің әскери қызметшілері, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың отбасы мүшелері, республикалық бюджеттің қаржысы есебінен ұсталатын әскери қызметшілердің басқа да категориялары арасындағы зейнеткерлердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің, Күзет қызметінің, "А" Бөлімінің, Республикалық ұланының, ішкі әскерлерінің офицер құрамдағы адамдарының, прапорщиктерінің, мичмандарының және мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткерген жылдары үшін және мүгедектігіне байланысты зейнетақысы және "Әскери қызметшілерді зейнетақымен қамсыздандыру туралы" КСРО Заңына сәйкес тағайындалған асыраушысынан айырылуына байланысты зейнетақы, жыл сайын, 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілердің тиісті категорияларына, ішкі істер органдарының қызметте тұрған қатардағы және басшы құрамдағы адамдарына зейнетақы есептеу кезінде есепке алынатын ақшалай үлестің нормалары мен түрлеріне сүйеніп қайта қаралады деп белгіленсін.

2. Осы Жарлықта аталған әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары мен олардың отбасыларына зейнетақы тағайындаған (төлемдерді қайта өтей бастаған) және қайта есептеген кезде зейнетақының, оған үстеменің ең аз мөлшері, сондай-ақ оларды есептеген кезде еске алынатын ақшалай үлестің шекті мөлшері 1992 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жалақының (жасына байланысты зейнетақының) ең аз мөлшеріне қарай анықталатын болсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі аталған мақсатқа жұмсалатын шығынның қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

Президенті

Қазақстан Республикасының

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК